

**«EKTU Journal of Engineering Sciences»
ғылыми журналына ғылыми мақалаларды қабылдау бойынша авторларға арналған
ережелер**

1 ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТТАР

EKTU Journal of Engineering Sciences инженерлік және қолданбалы ғылымдар саласындағы түпнұсқа ғылыми мақалаларды, шолу жұмыстарын және пәнаралық зерттеулердің нәтижелерін жариялайды. Журналдың тақырыптық аясы теориялық, эксперименттік және қолданбалы зерттеулердің кең ауқымын қамтиды, оның ішінде келесі бағыттар бар:

Көлік

- көлік жүйелері мен технологиялары;
- жол қозғалысын ұйымдастыру және көлікті жоспарлау;
- интеллектуалды көлік жүйелері;
- автомобиль, теміржол және қалалық көлік инфрақұрылымы;
- көлік жүйелерінің қауіпсіздігі, сенімділігі және тәуекелдерін бағалау;
- логистикалық жүйелер және жеткізу тізбектерінің инженериясы;
- көлік үдерістерін модельдеу, имитациялау және оңтайландыру.

Энергетика

- энергетикалық жүйелер мен кешендер;
- энергия тиімділігі және энергия үнемдеу;
- жаңартылатын және баламалы энергия көздері;
- электротехникалық және жылу техникалық үдерістер мен жүйелер;
- тұрақты энергиямен жабдықтаудың заманауи технологиялары.

Машина жасау

- машина жасау және машиналарды жобалау;
- өндірістік үдерістер мен технологиялар;
- мехатроника және электромеханикалық жүйелер;
- өнеркәсіпті цифрлық трансформациялау жағдайындағы инженерлік шешімдер мен технологиялар.

Инженерлік механика

- теориялық және қолданбалы механика;
- есептеу механикасы және сандық әдістер;
- деформацияланатын қатты дене механикасы;
- машиналардың, құрылымдар мен материалдардың беріктігі, сенімділігі және ұзақ мерзімділігі;
- механикалық үдерістерді математикалық және компьютерлік модельдеу.

Биомедициналық инженерия

- биомедициналық аспаптар, құрылғылар мен жүйелер;
- медицина және денсаулық сақтау саласына арналған инженерлік технологиялар;
- биомеханика және биологиялық жүйелерді модельдеу;
- биомедициналық қолданбалардағы цифрлық және интеллектуалды технологиялар;
- диагностика, емдеу және оңалтуға арналған инженерлік шешімдер.

Экологиялық инженерия

- қоршаған ортаны қорғау технологиялары мен жүйелері;

- табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану;
- экологиялық мониторинг және қоршаған ортаға әсерді бағалау;
- өнеркәсіп пен урбандалған аумақтарға арналған тұрақты инженерлік шешімдер;
- қалдықтарды, су және ауа ресурстарын басқару.

Геология, геодезия және картография

- геология және Жер туралы ғылымдар;
- инженерлік геология және геотехникалық зерттеулер;
- геомеханика және геотехнологиялар;
- гидрогеология, геофизика және қолданбалы геохимия;
- геодезия, картография және геоақпараттық жүйелер;
- кеңістіктік талдау және геодеректер технологиялары.

Журнал инженерлік ғылымдар, Жер туралы ғылымдар, көлік, энергетика, экология және биомедициналық бағыттар жетістіктерін біріктіретін пәнаралық зерттеулерді құптайды. Тұрақты даму, инновациялық технологиялар, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, сондай-ақ ғылым, білім және өндіріс интеграциясына бағытталған жарияланымдарға ерекше назар аударылады.

2 ҚОЛЖАЗБАНЫ РӘСІМДЕУ ДІҢ ҒЫЛЫМИ ТАЛАПТАРЫ

2.1 Жариялау тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

2.2 Материалдардың түпнұсқалығы:

- қолжазба бұған дейін басқа басылымдарда жарияланбаған болуы тиіс;
- қолжазба басқа журналдарда қаралу үстінде болмауы керек;
- мәтіннің түпнұсқалығы кемінде 65%, мәтіндік ұқсастық 25%-дан аспауы тиіс (қолжазбалар Antiplagiat.com жүйесі арқылы тексеріледі).

2.3 Мазмұнға қойылатын талаптар:

Зерттеудің жаңашылдығы мен өзектілігін көрсету: Жариялауға ұсынылған қолжазба бұрын басқа басылымдарда жарияланбаған, түпнұсқалық зерттеу болуы тиіс.

Мазмұнның логикалық баяндалуы: Мәтін құрылымы зерттеу мақсаты мен міндеттерін, теориялық негізін және қолданылған әдістемені нақты көрсетуі тиіс. Қолжазба IMRAD құрылымына сәйкес болуы керек (Кіріспе, Әдістер, Нәтижелер, Талқылау).

Толықтығы: Қорытындылар нақты дәлелденген және толыққанды болуы қажет. Жалпылама немесе алдын ала тұжырымдардан аулақ болу ұсынылады.

Баяндау стилі: Қолжазба ғылыми академиялық стильде жазылуы керек. Терминдерді нақты қолданып, негізгі ұғымдарды түсіндіруде екіұштылыққа жол бермеу қажет. Мәтіннің объективтілігі мен ресмилігін сақтау үшін пассив құрылымдарды қолдану ұсынылады. Сондай-ақ авторлар инклюзивті тілді қолдануы тиіс.

2.4 Жіберу форматы:

- қолжазбаларды ұсыну және сараптамадан өткізу онлайн жүйе арқылы жүзеге асырылады;
- қолжазбалар электрондық түрде қабылданады (.doc, .docx). Файл өлшемі 20 МБ-тан аспауы тиіс;
- файл атауы бірінші автордың тегі мен аты-жөнінің инициалдарын қамтуы қажет, мысалы: «Куленова Н.А.doc».

3 ТИТУЛ БЕТІН РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

3.1 Титул бетін рәсімдеудің техникалық параметрлері

Титул бетінің барлық элементтері келесі талаптарға сәйкес рәсімделуі тиіс:

- қаріп түрі: *Palatino Linotype*, абзацқа шегініссіз;
- титул бетінің негізгі мәтіні (авторлардың аты-жөні мен қолжазба атауынан басқа) – 9 кегльмен терілуі тиіс;

– авторлардың аты-жөні – 10 кегль, жартылай қалың қаріппен, сол жақ шетке тураланып жазылады;

– қолжазбаның атауы – 12 кегль, жартылай қалың қаріппен, сол жақ шетке тураланып жазылады.

Авторлардан титул бетін толтыру үшін арнайы ұсынылған шаблонды қолдануы қатаң түрде сұралады!

Шаблонда бірізділікті сақтау үшін арнайы жасалған дизайн мен бекітілген пішімдеу талаптары бар. Ресми шаблонсыз, өз бетінше жасалған пішімдеулер қабылданбайды.

3.2 Титул бетінің құрылымдық мазмұны

3.2.1 Жіктеуіштер мен идентификаторлар

Жоғарғы сол жақ бұрышта FTAXP коды (Ғылыми-техникалық ақпараттың халықаралық рубрикаторы) көрсетіледі: <https://grnti.ru/>

3.2.2 Қолжазба атауы

Қолжазбаның атауы қысқа, нақты және мақаланың мазмұнына толық сәйкес болуы тиіс.

3.2.3 Авторлар және олардың аффилиациясы

Бір жол қалдырып, авторлардың аты-жөні мен тегі көрсетіледі (мысалы: Н.А. Куленова).



Ағылшын тіліндегі транслитерациясы шетелдік төлқұжаттағы жазылымға немесе автордың бұрын жарияланған мақалаларындағы нұсқаға сәйкес болуы тиіс. Мұндай дерек болмаған жағдайда BSI стандартына сәйкес транслитерация қолданылады.

Авторлардың жалпы саны 5 адамнан аспауы тиіс. Автор ретінде тек зерттеу жұмысына, оның тұжырымдамасына, әзірленуіне немесе нәтижелерін талдауға елеулі үлес қосқан тұлғалар ғана енгізіледі.

Авторлыққа сай келмейтін, бірақ зерттеуге елеулі көмек көрсеткен тұлғалар «Қаржыландыру және алғыс» бөлімінде көрсетілуі мүмкін (қатысу сипаты мен көлемін нақтылап).

Авторлардың аты-жөніне тиісті ұйымды білдіретін үстеме индекстер (мысалы: 1, 2) қойылады. Автор-корреспонденттің атына ұйым индексінен кейін жұлдызша (*) қойылады.

Әр автордың ORCID нөмірі жасыл ORCID белгісі түрінде, гиперсілтемемен бірге көрсетілуі тиіс. Сілтемені қосу үшін: ORCID белгісіне тінтуірдің оң жақ батырмасын басып → «Гиперсілтемені өзгерту» таңдау → «Адрес» жолына мына сілтемені енгізу: <https://orcid.org/XXXXXXXXXXXXXXXXXX>.



3.2.4 Аңдатпа

Ары қарай аңдатпа бөлімі орналастырылады. Оның көлемі 150–250 сөз аралығында болуы тиіс. Аңдатпада келесі мәліметтер қамтылуы керек: зерттеудің өзектілігі, мақсаты, әдістері, нәтижелері, теориялық және практикалық маңызы, сондай-ақ болашақ зерттеу бағыттары.

Аңдатпада мақалада алғаш рет енгізілген терминдер мен аббревиатураларды (кеңінен танымалдарын қоспағанда), сондай-ақ әдебиеттерге сілтемелер мен историографияға, әдіснамаға немесе зерттеу әдістеріне шолу жасалатын тұстарды қолданбаған жөн.

3.2.5 Түйінді сөздер

Іздеу жүйелерінде қолжазбаның индекстелуін жеңілдету мақсатында 5–8 түйінді сөз немесе сөз тіркесі көрсетілуі тиіс. Түйінді сөздер үтірмен бөлінеді.

4 ҚОЛЖАЗБАНЫҢ НЕГІЗГІ МӘТІНІН РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

4.1 Қолжазба құрылымы

Редакция авторларға халықаралық IMRAD құрылымын (Introduction, Methods, Results, Discussion — Кіріспе, Әдістер, Нәтижелер, Талқылау) қатаң сақтауын ұсынады.

Қолжазбаның тақырыбы мен зерттеу бағытына қарамастан, әрбір ғылыми мақалада мынадай құрылымдық бөлімдер нақты белгіленіп, жаңа жолдан басталуы және ғылыми логикаға сәйкес келуі тиіс:

- Кіріспе;
- Әдеби шолу;
- Зерттеу материалдары мен әдістері;
- Нәтижелер және оларды талқылау;
- Қорытынды;
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

КІРІСПЕ

Зерттеу мақсаттарын анық көрсетіңіз, қажетті ақпаратты беріңіз, бірақ әдебиеттерді терең талдаудан немесе нәтижелерді алдын ала баяндаудан аулақ болыңыз. Тақырыпқа қатысты бар білім аясында зерттеудің ауқымы мен мақсаттарын айқындаңыз. Мәтінді жалпыдан жекеге қарай құрылымдап, гипотезаны, мақсат пен міндеттерді тұжырымдаңыз.

Зерттеу тақырыбын нақты анықтап, оны таңдаудың себептерін көрсетіңіз және негізгі үрдістер мен проблемаларды сипаттаңыз. Негізгі жарияланымдарға сыни талдау жүргізіңіз, қолданылған әдістемелердегі кемшіліктер мен зерттеудегі олқылықтарды анықтап, әрі қарайғы зерттеулер үшін мүмкін бағыттарды ұсыныңыз.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеудің әдістемесін, қолданылған материалдар мен процедураларды егжей-тегжейлі сипаттаңыз. Зерттеу базасын, дереккөздерді және таңдаманы (выборка) көрсетіңіз. Егер авторлар ұйымдардың құпия деректерін пайдаланса, мұндай деректерді қолдануға сол ұйымнан жазбаша рұқсаты болуы тиіс.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

Зерттеу нәтижелерін нақты әрі қысқаша баяндаңыз, олар зерттеу мақсаттарына толық сәйкес келуі тиіс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеудің негізгі тұжырымдары мен авторлық нәтижелерін, сондай-ақ практикалық ұсыныстар мен ұсынымдарды келтіріңіз.

Егер мақала стандартты емес сипатта болса (мысалы, шолулық, әдіснамалық немесе теориялық-концептуалдық жұмыс), құрылымды зерттеудің ерекшеліктеріне қарай бейімдеуге болады. Бұл жағдайда қосымша бөлімдер автор(лар)дың шешімімен енгізілуі мүмкін, бірақ материалдың баяндалуында логикалық реттілік пен ғылыми негізділік сақталуы тиіс. Сонымен қатар жоғарыда аталған бөлімдердің болуы міндетті болып қалады.

МҮДДЕЛЕР ҚАЙШЫЛЫҒЫ: Автор(лар) мүдделер қайшылығы жоқ екенін мәлімдейді.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ: Бұл бөлімде зерттеу барысында алынған қаржыландыру көзі көрсетілуі тиіс. **Мысал:** «Бұл мақала Қазақстан Республикасында Индустрия 4.0-ге көшу жағдайында кәсіпкерлік құрылымдардың инновациялық белсенділік деңгейіне адами капитал сапасының әсері» атты AR19578464

тақырыбы бойынша Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылыми зерттеулерге арналған гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды».

ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЭТИКА КОМИТЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ: Бұл бөлімде зерттеу Институционалдық этика комитетімен (IRB) немесе баламалы этикалық комитетпен қаралып, мақұлданғаны туралы ақпарат көрсетілуі тиіс, сондай-ақ мекеме атауы мен хаттама нөмірі сияқты тиісті мәліметтер берілуі керек. Егер этикалық мақұлдау талап етілмесе, авторлар мұны анық көрсетіп, негіздеме беруі тиіс (мысалы, зерттеу адам қатысушыларына немесе жануарларға қатысты болмаған жағдайда). **Мысал:** «Бұл зерттеу қолданыстағы институционалдық және ұлттық этикалық стандарттарға сәйкес жүргізілді және қажет болған жағдайда тиісті Институционалдық этика комитетімен мақұлданды (хаттама №: [XXXX], мақұлдау күні: [КК Ай ЖЖЖЖ]); зерттеу таза техникалық сипатта болып, адам қатысушылары мен жануарларды қамтымағандықтан, бұл бөлім 'Қолданылмайды' деп белгіленді.»

ЕРІКТІ КЕЛІСІМ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ: Бұл бөлімде, қажет болған жағдайда, барлық адам қатысушыларына зерттеудің мақсаты, рәсімдері және ықтимал тәуекелдері туралы толық ақпарат берілгені және олардың қатысуға өз еркімен келіскені расталуы тиіс; сондай-ақ келісімнің жазбаша немесе ауызша алынғаны көрсетілуі керек. Егер зерттеуге адам қатысушылары тартылмаған болса, бұл анық көрсетілуі тиіс. **Мысал:** «Барлық қатысушылардан зерттеуге дейін жазбаша ерікті келісім алынды; егер адам қатысушылары тартылмаса, бұл бөлім 'Қолданылмайды' деп белгіленді.»

ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ: Бұл бөлімде зерттеу нәтижелерін растайтын деректердің ашық қолжетімді екені, сұраныс бойынша ұсынылатыны немесе шектеулі екені сипатталуы тиіс, сондай-ақ қажет болған жағдайда оларды қайдан алуға болатыны көрсетілуі керек. Сонымен қатар авторлар жаңа деректер жиналмағанын немесе талданбағанын да көрсетуі тиіс. **Мысал:** «Осы техникалық зерттеудің нәтижелерін растайтын деректерді тиісті сұраныс бойынша жауапты автордан алуға болады; балама түрде, жұмыс сандық модельдеу мен теориялық талдауға негізделгендіктен, жаңа эксперименттік деректер жиналмаған.»

АЛҒЫС БІЛДІРУ: Бұл бөлімде зерттеуге үлес қосқан жеке тұлғалар мен ұйымдарға алғыс білдіріледі. Мысалы: «Авторлар әдістемелік қолдау мен пайдалы пікірлері үшін әріптестеріне, сондай-ақ мақаланың сапасын арттыруға септігін тигізген анонимді рецензенттерге алғыс білдіреді.»

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА: Ғылыми мақалалардың авторлары өз еңбектерін дайындау барысында жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын әртүрлі кезеңдерде, соның ішінде мәтін жазу, редакциялау, фактілерді тексеру және деректерді талдау кезінде қолдана алады. Алайда, қолжазбаны жазу кезінде автор(лар) генеративті ЖИ мен оған байланысты технологияларды қолданғаны туралы мақалада нақты көрсетуге міндетті.

Пайдаланылған ЖИ үлгісі әдебиеттер тізімінде (References) келесі форматта көрсетілуі тиіс: Үлгі атауы. (жылы, айы, күні). Сұраныс немесе мазмұн сипаттамасы [Үлкен тілдік үлгі]. Платформа атауы. URL

4.2 Мақала мәтінін рәсімдеуге қойылатын техникалық талаптар

Мақала көлемі (атауы, авторлар туралы мәліметтер, аннотация, түйінді сөздер мен әдебиеттер тізімін есептемегенде) кемінде 10 беттен және 14 беттен аспауы тиіс.

Қолжазбаны рәсімдеудің ұсынылған шаблонын қолдану қатаң түрде ұсынылады, өйткені бұл құрылымға, пішімдеуге, тақырыптар мен кестелердің, суреттердің және әдебиеттер тізімінің рәсімделуіне қойылатын талаптарға сәйкестікті қамтамасыз етеді. Шаблонды пайдалану техникалық қателерді азайтып, мақаланың редакцияда қаралу процесін жылдамдатады.

4.2.1 Мәтін:

- формат: Microsoft Word (*.doc, *.docx);
- бет бағдарлау: кітаптық;
- өрістер: үстіңгі – 3 см, астыңғы – 3 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 3 см;
- мәтінді туралау – енінен (по ширине);
- жоларалық интервал – бір аралық (одинарный);
- абзац шегінісі – 1 см. Абзац шегінісін бос орын немесе табуляция арқылы жасауға болмайды;

Мәтін ішінде сілтеме жақша ішінде келтірілген жағдайда, автордың тегі және жарияланған жылы көрсетіледі. егер сілтеме мәтінге кіріккен болса, автордың тегінен кейін жыл жақшада жазылады.

Орыс және қазақ тіліндегі дереккөздерге сілтеме жасағанда автордың тегі түпнұсқа тілінде жазылады. ағылшын тіліндегі дереккөздерге сілтеме жасауда ара стилінің ережелері толық сақталады.

Төмендегі кестеде түрлі дереккөз түрлеріне арналған мәтін ішіндегі сілтемелерді рәсімдеудің үлгілері келтірілген.

Дереккөз түрі	АРА бойынша рәсімдеу үлгісі	Ескерту
Бір автор	(Куленова, 2021) Куленова (2021) отмечает ... (Kulnova, 2021) Kulnova (2021) states...	Тегі және жылы. Мәтін құрамында немесе жақша ішінде.
Екі автор	(Куленова & Нурпеисова, 2021) (Куленова & Нурпеисова, 2021) Куленова и Нурпеисова (2021) утверждают... Куленова және Нурпеисова (2021) атап өтті... (Kulnova & Nurpeisova, 2021) Kulnova and Nurpeisova (2021) state...	Жақша ішінде авторлардың тектерінің арасына кез келген тілде «&» белгісі қойылады, ал егер дереккөз мәтін құрамында келтірілсе, онда «и», «және» немесе «and» жалғаулықтары қолданылады.
Үш автор	(Куленова, Нурпеисова & Алибеков, 2022) (Куленова, Нурпеисова & Алибеков, 2022) Куленова, Нурпеисова и Алибеков (2022) отмечают... Куленова, Нурпеисова және Алибеков (2022) атап өтті... (Kulnova, Nurpeisova & Alibekov, 2022) Kulnova, Nurpeisova and Alibekov (2022) report...	Жақша ішінде авторлардың тектерінің арасына үтір қойылады, ал соңғы автордың алдында «и», «және» немесе «&» жалғаулығы жазылады.
Төрт және одан да көп автор	(Иванов и др., 2021) (Ибраев және басқ., 2021) Иванов и др. (2021) подчеркивают... Ибраев және басқ. (2021) атап өтті... (Williams et al., 2020) Williams et al. (2020) show...	Бірінші автордың тегінен кейін «и др.» (орысша), «және басқ.» (қазақша) немесе «et al.» (ағылшынша) қолданылады.
Бір автордың бір жылғы еңбектері	(Куленова, 2021a; Куленова, 2021b) Куленова (2021a) и Куленова (2021b) отмечают... (Smith, 2021a; Smith, 2021b) Smith (2021a) and Smith (2021b) discuss...	Жұмыс атауларының алфавиттік ретіне сәйкес, жылдың артына «a», «b» және т.б. әріптер қойылады.
Бір автордың әр жылдары жарияланған бірнеше еңбегіне сілтеме	(Куленова, 2019, 2021) Куленова (2019, 2021) исследует... (Smith, 2018, 2020) Smith (2018, 2020) reports...	Жылдар үтір арқылы өсу ретімен жазылады.
Әртүрлі авторлардың еңбектеріне сілтеме	(Куленова, 2021; Нурпеисова, 2020) (Smith, 2019; Johnson, 2021)	Дереккөздер нүктелі үтірмен бөлінеді. Алфавиттік тәртіппен реттеледі.

Автор көрсетілмеген электрондық ресурс	(«Отчет об управлении Национальным фондом РК», 2023) («ҚР Ұлттық қорын басқару туралы есеп», 2023) мәліметтеріне сәйкес... («Kazakhstan Innovation Report», 2022) («Kazakhstan Innovation Report», 2022) suggests...	Дереккөздің атауы тырнақша ішінде көрсетіледі.
Ұйым автор ретінде	(Министерство образования РК, 2022) Министерство образования РК (2022) сообщает... (World Health Organization, 2021) WHO (2021) states...	Ұйымның толық атауы көрсетіледі. Қайталап сілтеме жасалған жағдайда аббревиатураны қолдануға болады.
Есеп	(Отчет Всемирного банка, 2021) Всемирный банк (2021) указывает... (World Bank Report, 2021) World Bank (2021) reports...	Егер ресми автор көрсетілсе – алдымен автордың тегі немесе ұйым атауы жазылады.

4.2.6 Пайдаланылған әдебиеттер тізімін рәсімдеу

Пайдаланылған дереккөздер тізімі кемінде 15 атаудан тұруы тиіс, олардың кемінде 5-еуі шетелдік дереккөздер болуы қажет.

Қолжазба ұсынылған уақыттан бұрынғы 5 жылдан ерте жарияланған дереккөздер жалпы тізімнің 30%-нан аспауы тиіс.

Scopus және Web of Science деректер базасында соңғы 5 жылда жарияланған мақалаларды пайдалану – артықшылық болып саналады.

Өзін-өзі дәйектеу деңгейі жалпы дереккөздердің 20%-нан аспауы керек.

Әдебиеттер тізімі бірінші автордың тегі бойынша алфавиттік тәртіппен рәсімделеді.

Алдымен ағылшын тіліндегі дереккөздер, содан кейін басқа тілдердегі дереккөздер көрсетіледі.

Бір автордың бірнеше еңбектері болған жағдайда олар жарияланған жылының өсу реті бойынша орналастырылады.

Журнал, кітап, жинақ атаулары курсивпен жазылады.

Электрондық ресурстар үшін DOI немесе URL мекенжайы міндетті түрде көрсетілуі тиіс.

Егер ағылшын тілінде жазылған мақалада орысша немесе қазақша дереккөздер қолданылса, онда BSI стандарты бойынша транслитерация жасау қажет.

Кирилл әріптерімен жазылған әрбір элементтен кейін қос көлбеу сызық (//) қойылады.

Транслитерацияны арнайы сервистер арқылы жүзеге асыру ұсынылады:

– орыс тілінен – <http://translit.net>– қазақ тілінен – <https://qazlat.kz>

Библиографиялық жазба элементтерінің арасында (авторлар, жыл, еңбектің атауы, жарияланған басылым) нүкте қойылады.

Әдебиеттер тізімінде түрлі дереккөз түрлеріне арналған рәсімдеу үлгілері төмендегі кестеде келтірілген.

Дереккөз түрі	Әдебиеттер тізімін рәсімдеу үлгісі
Статьи в научном журнале	Латын әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Yılmaz, M., & Alptekin, A. (2018). The effect of different binders on the properties of dry–mix mortars. <i>Construction and Building Materials</i> , 165, 38–46. https://doi.org/10.1016/j.conbuildmat.2018.01.005 Кирилл әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Мамырханов, А.М., & Нурпеисова, А.К. (2021). Инновационная активность предпринимательских структур. <i>Экономика и бизнес</i> , 5(2), 34–50. https://doi.org/xxxx // Mamyrkhanov, A.M., & Nurpeisova, A.K. (2021). <i>Innovatsionnaya aktivnost' predprinimatel'skikh struktur</i> [Innovative activity of entrepreneurial structures]. <i>Ekonomika</i>

	<i>i biznes – Economics and Business</i> , 5(2), 34–50. https://doi.org/xxxx (In Russ.)
Кітаптар	<p>Латын әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Kotler, P., & Keller, K. L. (2021). <i>Marketing management</i> (15th ed.). Pearson Education. https://www.pearson.com/en-us/marketing-management</p> <p>Кирилл әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Мамырханов, А.М. (2020). Финансовая устойчивость предприятий. Алматы: Экономика. https://xxxx // Mamyrkhanov, A.M. (2020). <i>Finansovaya ustoychivost' predpriyatii</i> [Financial stability of enterprises]. Almaty: Ekonomika. https://xxxx (In Russ.)</p>
Есептер мен баяндамалар	<p>Латын әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: World Bank. (2021). <i>World Development Report 2021: Data for better lives</i>. World Bank Publications. https://www.worldbank.org/en/publication/wdr2021</p> <p>Кирилл әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Всемирный банк. (2021). Доклад о мировом развитии 2021: данные для лучшего будущего. https://xxxx // Vsemirnyy bank. (2021). <i>Doklad o mirovom razvitiy 2021: dannye dlya luchshego budushchego</i> [World Development Report 2021: Data for better lives]. https://xxxx (In Russ.)</p>
Веб-парақшалар	<p>Латын әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: United Nations. (2023). <i>Sustainable Development Goals</i>. https://sdgs.un.org/goals</p> <p>Кирилл әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Министерство образования РК. (2022). Программа цифровизации образования. https://xxxx // Ministerstvo obrazovaniya RK. (2022). <i>Programma tsifrovizatsii obrazovaniya</i> [Digitalization program in education]. https://xxxx (In Russ.)</p>
Интернет-ресурстар	<p>Латын әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: International Energy Agency. (2024). <i>Global EV Outlook 2024</i>. https://www.iea.org/reports/global-ev-outlook-2024</p> <p>Кирилл әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Национальный доклад о состоянии окружающей среды в Казахстане 2022 года. (2022). https://xxxx // Natsional'nyy doklad o sostoyanii okruzhayushchey sredy v Kazakhstane 2022 goda. (2022). [National report on the state of the environment in Kazakhstan, 2022]. https://xxxx (In Russ.)</p>
Мұрағат материалдары	<p>Латын әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: The National Archives (UK). (1945). <i>War Cabinet Memorandum on Post-War Reconstruction</i> [CAB 66/63/46]. London, United Kingdom.</p> <p>Кирилл әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Центральный государственный архив Республики Казахстан. (1956). Постановление о развитии научно-технической политики в Республике Казахстан [Ф. 42, Оп. 3, Д. 159]. г. Алматы, Казахстан. // Tsentral'nyy gosudarstvennyy arkhiv Respubliki Kazakhstan. (1956). <i>Postanovlenie o razvitiy nauchno-tekhnicheskoy politiki v Respublike Kazakhstan</i> [Resolution on the development of scientific and technical policy in the Republic of Kazakhstan] [F. 42, Op. 3, D. 159]. Almaty, Kazakhstan. (In Russ.)</p>

<p>Күні мен көрсетілмеген материалдары атауы мұрағат</p>	<p>Латын әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: U.S. National Archives. (1969). <i>Memorandum from the National Security Advisor to the President on Strategic Arms Limitation Talks</i> [Record Group 59, Entry A1 5166, Box 2412, Folder 4]. Washington, DC, United States.</p> <p>Кирилл әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Архив Президента Российской Федерации. (б.д.). Архивный документ [Ф. 3, Оп. 158, Д. 116, Л. 116–120]. г. Москва, Россия. // Arkhiv Prezidenta Rossiyskoy Federatsii. (n.d.). Arkhivnyy dokument [F. 3, Op. 158, D. 116, L. 116–120]. Moscow, Russia. (In Russ.)</p>
<p>Конференция материалдары</p>	<p>Латын әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Smith, J. A. (2022). Digital transformation in the construction industry: Barriers and solutions. <i>Proceedings of the 10th International Conference on Engineering and Technology Innovation</i> (pp. 45–52). Tokyo, Japan: IAOE Press.</p> <p>Кирилл әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Иванов, А.В. (2019). Цифровизация экономики: вызовы и возможности. <i>Материалы Международной научно-практической конференции «Инновации и развитие»</i>, (с. 115–120). Алматы: КазНУ им. аль-Фараби. // Ivanov, A.V. (2019). <i>Tsifrovizatsiya ekonomiki: vyzovy i vozmozhnosti</i> [Digitalization of the economy: Challenges and opportunities]. <i>Materialy Mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii «Innovatsii i razvoitie»</i> [Proceedings of the International Scientific and Practical Conference “Innovation and Development”], (pp. 115–120). Almaty: KazNU named after al-Farabi. (In Russ.)</p>
<p>Диссертациялар мен авторефераттар</p>	<p>Латын әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Anderson, L. R. (2017). <i>Innovative construction materials and their environmental impact</i> (Doctoral dissertation). Stanford University.</p> <p>Кирилл әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Нурпеисова, А.К. (2023). Управление инновационной активностью промышленных предприятий Республики Казахстан [Диссертация на соискание степени доктора PhD, Казахский экономический университет имени Турара Рыскулова]. //Nurpeisova, A.K. (2023). <i>Upravlenie innovatsionnoy aktivnost'yu promyshlennykh predpriyatiy Respubliki Kazakhstan</i> [Management of innovative activity of industrial enterprises of the Republic of Kazakhstan] [PhD dissertation, Turar Ryskulov Kazakh University of Economics]. (In Russ.)</p> <p>Нурпеисова, А.К. (2023). Управление инновационной активностью промышленных предприятий Республики Казахстан [Автореферат диссертации на соискание степени доктора PhD, Казахский экономический университет имени Турара Рыскулова]. //Nurpeisova, A.K. (2023). <i>Upravlenie innovatsionnoy aktivnost'yu promyshlennykh predpriyatiy Respubliki Kazakhstan</i> [Author's abstract of the PhD dissertation, Turar Ryskulov Kazakh University of Economics]. (In Russ.)</p>
<p>Заңдар мен нормативтік-құқықтық актілер</p>	<p>Латын әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: United States Congress. (2010). <i>Patient Protection and Affordable Care Act</i>, Pub. L. No. 111-148, 124 Stat. 119. https://www.congress.gov/bill/111th-congress/house-bill/3590</p> <p>Кирилл әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Республика Казахстан. (2020). Закон Республики Казахстан «О государственном управлении» от 24 мая 2020 года № 32-VI. //</p>

	Respublika Kazakhstan. (2020). <i>Zakon Respubliki Kazakhstan «O gosudarstvennom upravlenii» ot 24 maya 2020 goda № 32-VI</i> [Law of the Republic of Kazakhstan “On Public Administration” dated May 24, 2020, No. 32-VI]. (In Russ.)
Стандарттар	<p>Латын әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: International Organization for Standardization. (2015). <i>ISO 9001:2015 – Quality management systems – Requirements</i>. https://www.iso.org/standard/62085.html</p> <p>Кирилл әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Комитет технического регулирования и метрологии Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан. (2019). Национальный стандарт Республики Казахстан СТ РК ISO 9001-2019 «Системы менеджмента качества. Требования» (СТ РК ISO 9001-2019). // Komitet tekhnicheskogo regulirovaniya i metrologii Ministerstva trgovli i integratsii Respubliki Kazakhstan. (2019). <i>Natsional’nyy standart Respubliki Kazakhstan ST RK ISO 9001-2019 «Sistemy menedzhmenta kachestva. Trebovaniya»</i> (ST RK ISO 9001-2019) [National Standard of the Republic of Kazakhstan ST RK ISO 9001-2019 “Quality management systems. Requirements”]. (In Russ.)</p>
Ұжымдық монография	<p>Латын әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Fisher, M. M., & Levene, M. (Eds.). (2021). <i>Smart cities: Critical debates on big data, urban development and social justice</i>. Routledge. https://doi.org/10.4324/9780429279176</p> <p>Кирилл әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Оспанова, Ш.А. (2022). Развитие человеческого капитала в цифровую эпоху. В А.Б. Калиева (Ред.), <i>Экономика знаний: тренды и перспективы</i> (стр. 87–105). Нур-Султан: Экономика. // Ospanova, Sh.A. (2022). <i>Razvitie chelovecheskogo kapitala v tsifrovuyu epokhu</i> [Development of human capital in the digital age]. In A.B. Kaliyeva (Ed.), <i>Ekonomika znaniy: trendy i perspektivy</i> [Knowledge economy: Trends and prospects] (pp. 87–105). Nur-Sultan: Ekonomika. (In Russ.)</p>

Әдебиеттер тізімін рәсімдеу үлгісі:

<p>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</p> <p>Drucker, P. F. (2006). <i>The effective executive: The definitive guide to getting things done</i>. HarperBusiness.</p> <p>Fisher, M. M., & Levene, M. (Eds.). (2021). <i>Smart cities: Critical debates on big data, urban development and social justice</i>. Routledge. https://doi.org/10.4324/9780429279176</p> <p>Yilmaz, M., & Alptekin, A. (2018). The effect of different binders on the properties of dry–mix mortars. <i>Construction and Building Materials</i>, 165, 38–46. https://doi.org/10.1016/j.conbuildmat.2018.01.005</p> <p>International Energy Agency. (2024). <i>Global EV Outlook 2024</i>. https://www.iea.org/reports/global-ev-outlook-2024</p> <p>Мамырханов, А.М. (2020). Финансовая устойчивость предприятий. Алматы: Экономика. https://xxxx // Мамырханов, А.М. (2020). <i>Finansovaya ustoychivost’ predpriyatii</i> [Financial stability of enterprises]. Алматы: Экономика. https://xxxx (In Russ.)</p> <p>Оспанова, Ш.А. (2022). Развитие человеческого капитала в цифровую эпоху. В А.Б. Калиева (Ред.), <i>Экономика знаний: тренды и перспективы</i> (стр. 87–105). Нур-Султан: Экономика. // Ospanova, Sh.A. (2022). <i>Razvitie chelovecheskogo kapitala v tsifrovuyu epokhu</i> [Development of human</p>

capital in the digital age]. In A.B. Kaliyeva (Ed.), *Ekonomika znaniy: trendy i perspektivy* [Knowledge economy: Trends and prospects] (pp. 87–105). Nur-Sultan: Ekonomika. (In Russ.)

Мамырханов, А.М., & Нурпеисова, А.К. (2021). Инновационная активность предпринимательских структур. *Экономика и бизнес*, 5(2), 34–50. <https://doi.org/xxxx> // Мамырханов, А.М., & Нурпеисова, А.К. (2021). *Innovatsionnaya aktivnost' predprinimatel'skikh struktur* [Innovative activity of entrepreneurial structures]. *Ekonomika i biznes – Economics and Business*, 5(2), 34–50. <https://doi.org/xxxx> (In Russ.)

5 АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Әдебиеттер тізімінен кейін «Авторлар туралы мәліметтер» бөлімі рәсімделеді. Бұл мәліметтер үш тілде ұсынылуы тиіс: алдымен қолжазба жазылған тілде, кейін қалған екі тілде сол тәртіпшен. Әрбір тілдік блок бірізділікпен, бет үзінсіз орналастырылады.

Авторлар туралы мәліметтерде келесі ақпарат беріледі:

- толық аты-жөні (тиісті тілде);
- ғылыми дәрежесі немесе біліктілігі;
- ұйымның толық атауы, қаласы және елі көрсетіле отырып;
- белсенді электрондық пошта мекенжайы;
- ORCID профиліне белсенді сілтеме.

Электрондық пошта мекенжайы мен ORCID сілтемесі гиперсілтеме түрінде рәсімделуі тиіс.

«Авторлар туралы мәліметтер» бөлімінде әр автордың фотосуреті орналастырылады. Фотосуретке келесі талаптар қойылады:

- **Өлшемі:** 3,21 × 4,5 см;
 - **Бет пішіні:** бет кадрдың ортасында орналасуы керек, тым жақын не алыс болмауы тиіс — кадрда бас және иықтың жоғарғы бөлігі анық көрінуі қажет;
 - **Киім үлгісі:** іскерлік немесе бейтарап стильде;
 - **Фон:** біртүсті, жарық түсті, артық нысандарсыз;
 - **Сапасы:** фотосурет анық, пикселизациясыз, филтрсіз, сәндік жиексіз және жазусыз болуы тиіс;
 - **Өзектілігі:** фотосурет соңғы үш жылдың ішінде түсірілген болуы ұсынылады.
- Редакция көрсетілген талаптарға сай келмейтін фотосуреттерді қабылдамауға құқылы.

Авторлар туралы мәліметтерді рәсімдеу үлгісі қолжазба шаблонында көрсетілген. Барлық техникалық талаптарды сақтау үшін осы шаблонды пайдалану ұсынылады.